


ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ

Тарих қалай жазылады?





Дәрістің жоспары:

1. Тарих қалай жазылады? Тарихи дереккөз
- 2.. Оқиға және факт (2 тарау)

Дәрістің маңызды идеялары: Тарих - оқиғалардың жүйелі реттелген баяндамасы, өткен оқиғаларды белгілейтін және түсіндіретін білім саласы.

Тарихшы әлеуметтік өмірдің, қоғамның нақты уақыт кезеңінде, нақты жағдайларда және нақты жерде өмір сүруінің ерекшеліктерін анықтайды. Оның назарында ылғи болатын өткеннің куәсі – тарихи дереккөз. Фактілер тарихқа объективті, дәлелді, ғылыми тәртіптің мәртебесін береді. Өз кезегінде, тарихшының іс-әрекетінсіз факт өз мағынасын жоғалтады.

Дәрістің маңызды цитаталары: «Тарих – адам жайлы, адамзаттың өткені жайлы ғылым, заттар немесе құбылыстар жайлы ғылым емес. Дегенмен де, оны уағыздайтын адамдарсыз ой тіршілік ете ала ма? Тек бір ғана тарих бар – Адам тарихы, ең кең мағынадағы тарих та осы» Люсьен Февр.

«...адамдардың өткен оқиғалардың барлық шынайы кейпін әшкерелейтін қандай да бір «айтылмаған оқиға» бар». Луи Минк.

«..фактілер тарихшылардың мақсаттарына сәйкес қалыптастырылып, тұжырымдалады». Бенедетто Крес.

Кітаптың 2 тарауы ХХ ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген француз тарихшысы Люсьен Феврдың «Тарих – адам жайлы, адамзаттың өткені жайлы ғылым, заттар немесе құбылыстар жайлы ғылым емес. Дегенмен де, оны уағыздайтын адамдарсыз ой тіршілік ете ала ма? Тек бір ғана тарих бар – Адам тарихы, ең кең мағынадағы тарих та осы» деген сөздерінен басталады. Л. Феврдың сөздерінде тарихтың ғылым ретінде негізгі түйіні жатыр.

Кең мағынада тарих өткендегі болған жайттар жайлы байланысқан баяндауды білдіреді. Тарихшылар, қай уақыт пен дәуірде өмір сүретіндігіне қарамастан, есте сақтауға тұрарлықтай ақпаратты жинап, сараптайды. Авторлар тиісті мәдениетте, өткенде орын алған жайттар туралы баяндау қандай болуы керек деген көзқарас туралы, оның қандай ережелерге бағынатындығы, оқырманға қандай мәдени құндылықтар туралы мәлімдейтіндігі және тарихи жұмыстардың мақсаттары туралы әртүрлі идеяларды басшылыққа алады. Кез келген тарихи жанрдағы мәтінде негізгі ой, сюжет және кейіпкерлер бар. Өз әңгімесін сөзбен баяндағанда, автор белгілі бір баяндау тілін таңдайды. Тарихи хаттың осы элементтерінің бәрі тарихшының мәдениетін сипаттайды және тарихи білім тарихындағы мамандармен зерттеле алады.

Тарихи дереккөз

Тарихи дереккөз ұғымы тарихи ілім үшін ерекше маңыздылардың бірі болып табылады. Дереккөз - зерттеушінің назарына (қолжазба, сурет, құжат, салт, зат және т.б.) түсетін өткеннің куәсі. Дереккөз өткен туралы кез келген мәлімдеме үшін негіз ретінде пайдаланылатын болады. Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, дереккөзсіз тарих жоқ. Дереккөзді жиі өткеннің тарихи деректерін зерттейтін білім саласы ретінде сипаттайды.

Өткеннің бейнесі, негізінен, тарихшылардың дереккөздер шеңберін қалай анықтайтындығына байланысты. Тарихи білімнің түрлі кезеңдерінде дереккөзді бағалаудың әртүрлі критерийлері болды. Мысалы, ХІХ ғасырдың позитивтік тарихшылары оқиғаларды неғұрлым дәл көрсететін айғақ ретінде заңдарға, дипломатиялық материалдарға, заң құжаттарына көп көңіл бөлген болатын. Сонымен қатар, басқа дереккөздер - естеліктер, жеке тұлғалардың хаттары, баспасөздегі мақалалар негізінен субъективті және сондықтан да сенімді емес деп саналды.

Ұзақ уақыт бойы тек жазбаша дәлелдер ғана дереккөз бола алады, ал қалғандары сенім тудырмайды деп пайымдалып келді. Осыған сүйене отырып, ғалымдар кез-келген ұлттың тарихы тек жазбалардың пайда болуымен ғана басталатынын айтқан болатын. Тек жазбаша айғақтар ақпаратқа айқындылық береді, ал ауыздан ауызға таралатын айғақтар өзгертулер мен түзетулер енгізе алатын әңгімелесушінің жеке басына тәуелді деп саналды.

Сонымен қатар, көптеген зерттеушілер халық аңыздары, әндері басқа ешқандай із қалдырмаған құбылыстардың мәніне енуге мүмкіндік беретіндіктен құнды дәлел ретінде қызмет ете алады деп санады.

Исторические источники

Комплекс документов и предметов материальной культуры, отразивший исторический процесс, запечатлевший отдельные факты и события.





Кітап: Тарих ғылымының тарихы

Дәріс: Тарих қалай жазылады?

XX ғасырда бұл көзқарас жазбаша мәдениеті жоқ халықтардың ауызекі мәдениетін зерттеу арқылы расталды. Этнологтар ауызша дәстүрдің әлдеқайда тұрақты болуы мүмкін екенін анықтады, себебі ол қатаң ережелерге сүйенеді. Әрине, ауызекі халық шығармашылығының туындыларын пайдалану үлкен сақтық пен терең талдауды талап етеді. Дегенмен, жазбаша дереккөздерді шеттеместен, барлық дереккөздерге осындай көзқараспен қарау - ең дұрысы.

Дереккөздер шеңберін кеңейтудің шешуші факторы тарихи ғылымның өзгеруі, яғни, оның тақырыбын қайта анықтау және ғылыми зерттеулер әдістерін жетілдіру болды. Тарихшылар тек саяси оқиғалармен айналысқан кездетек заңнамалық актілерге, дипломатиялық құжаттарға және т.б. көңіл бөлген болатын. Кейіннен экономикалық өмірді зерттеу үшін - әр түрлі тұрмыстық құжаттарға, рухани өмір суретін қалпына келтіру үшін - әдебиет пен өнер туындыларына, күнделікті өмір тарихын зерделеу үшін - тұрмыстық заттарға, киімге және т.б. заттарға жүгінулеріне тура келді.

Қазіргі заманғы тарихи білімде дереккөздерге деген иерархиялық көзқарас қайта қаралды.

Өз заманының мәдени мағынасы бар бөлігін айшықтайтын кез келген тарихи куәлік дереккөз ретінде қарала алады. Әр түрлі дереккөздер - жазбаша да, жазбаша емес те (ауызша таралатын) тарихшымен белгілі бір мәтін сияқты «оқыла» алады. Мәтіннің әр элементінің маңызы дереккөз жасалған тарихи-мәдени контекстке байланысты. Зерттеушінің міндеті – идеялар мен оқиғалар туралы ақпарат алу және белгілі бір жағдайдың, заттың, сөздің сол заман адамдары үшін қандай мағынаға ие болғандығы туралы сұраққа жауап беру. Өткеннің құндылық жүйесін түсінуге әрекет деп осы аталады.

Тарихшы дереккөзден қандай ақпарат алатындығы тікелей осы көзді қандай сұрақтар қоя отырып зерттеуді бастайтындағына байланысты. Дереккөз «өзі үшін сөйлемейді». Бір нәрсе тарихшы нақты сұрақ қойған жағдайда ғана куәлік бола алады. Бір құжатты зерттеу мәселесіне байланысты түрлі жолдармен «оқуға» болады. Дереккөздің соңғы оқылуы жоқ. Бұдан басқа, әрбір зерттеуші дәлелдерді өзінше түсінеді, түсіндіреді, идеялар мен құндылықтар жүйесіне қосады, өз міндеттеріне бағындырады. Түсіндірудің шектеушісі - тек тарихи мамандықтың ережелері мен нормалары.

XIX-XX ғасырлардағы тарихи білімде дереккөздерді сыни талдау әдісі ойлап табылды, бұл олардың мазмұнына тереңірек үңілуге, олардың әртүрлі мағыналық деңгейлерін анықтауға мүмкіндік берді.

Тарихшы танысу үшін сарапталған дереккөздермен жұмысты бастаған кезде, оның алғашқы міндеті - **мәтінді талдау және меңгеру, оның шығу тарихын (авторлықты, уақытты, орынды және құрылу мақсатын) және түпнұсқалығын белгілеу болып табылады**. Бұл дереккөздің сыртқы сыны деп аталады. Бұл істе палеография, эпиграфия, мәтінді зерттеу, сфрагистика, дипломатика және басқа да қосалқы тарихи ғылымдар көмектеседі. **Сыртқы сынақтан өткеннен кейін зерттеуші дереккөздің толықтығын, сенімділігін және дәлдігін анықтауға кіріседі. Жұмыстың бұл кезеңі дереккөздің ішкі сыны немесе герменевтика деп аталады.**

Дереккөзді түсіну үшін оның пайда болуының әлеуметтік-тарихи шарттарын және жасалудың нақты жағдайларын ескеру қажет. Барлық дереккөздерде олардың авторларының идеяларының, нанымдары мен идеалдарының іздері бар, сонымен қатар олар автордың жеке көзқарастары мен заманының мәдениетін көрсетеді.

Кез-келген дереккөзді зерттегенде, зерттеуші оның уақыт шеңберіндегі семантикалық өзгеруін, сондай-ақ толық еместігін ескере отырып, оның бастапқы мағынасын қалпына келтіруге тырысу керек. Тарихшыға жету жолында өткен жайлы мәлімет ерекше сүзгілеу түріне ұшырайды, ал оның әр кезеңінен кейін ақпарат кеми береді. Осылайша, жеке фактілер біржола жоғалуы мүмкін. Жетіспейтін ақпаратты дереккөздердің әртүрлі санаттары бойынша толтыруға болады. Мысалы, дәуірдің құбылыстары мен процестері, оның маңызды оқиғалары куә болған замандастарының түрлі жұмыстарында жазылуы мүмкін.

Тарихшылар өздерінің еңбектерінде әрқашан өткен туралы шындықты жазғысы келетінін атап өтетін. Бірақ, жазылғандардың бәрі өткенде орын алған жайттарды толық көрсетпейді. Бұл авторлардың ақиқатты немқұрайдылықтан немесе тарихты «жаза білмегендіктен» ойлап тапқанын немесе бұрмаланғанын білдіре ме?

Шындық пен қиял деп түрлі заманда тарихшылар түрлі заттарды түсінді. Шындық ретінде моральдық тұрғыдан дұрыс, оқырман сенімін бағдарлайтын және нұсқау беретін заттар түсінілуі мүмкін еді. Тарихтың табиғаты туралы әр түрлі ойлардан басқа, автордың көзқарастары мен нанымдарын ескеру қажет. Ортағасырлық шежіреші үшін әулиелердің ғажайып әрекеттері заттардың дұрыс тәртібінің ажырамас бөлігі болатын. Жаңа заман тарихшысы үшін адамның моральдық дамуы мен прогрестің тез арада жеңіске жету идеясы да табиғи зат болып табылуы да мүмкін еді. Ақыр соңында, барлық дереккөздер мәтіндегі басымдықтар мен айтылмауы керек заттарды анықтайтын идеология элементтерін қамтиды.



Кітап: Тарих ғылымының тарихы

Дәріс: Тарих қалай жазылады?

Осы жағдайлардың бәрін өткеннің айғақтарымен айналысқанда ескеру қажет .

Оқиға және факт



XX ғ маңызды оқиғаларының бірі – ғарышқа алғашқы әйел адамның ұшуы. Валентина Терешкова жерге қонғаннан кейін, 1963 жыл

Оқиға және факт - маңызды тарихи санаттар. Олар қарапайым болып көрінгенмен де, оларға анықтама беру өте қиын. Тарихшылардың тарихи оқиғалар мен фактілердің табиғаты мен маңызы туралы пікірталастары XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жалғасып келеді.

Тарихи оқиға зерттеушінің назарында. Тарихты жиі оқиғаларға қатыстылығына байланысты түсінеді. Сөздіктерде тарихтың келесідей анықтамаларын кездестіруге болады:

- оқиғалардың жүйелі реттелген баяндамасы;
- өткен оқиғаларды белгілейтін және түсіндіретін білім саласы.

Ежелгі уақыттан бері тарих «res gestae»– айтулы саяси оқиғалар туралы баяндау ретінде қабылданып келді.

Қазіргі қоғамда тарихшының міндеті өткен оқиғаларды шынайы сипаттау және түсіндіру болып табылады деген идея кеңінен таралған.

Тарихи ілімде оқиғаны түсіндірудің түрлі жолдары бар . Оларды шартты түрде реалистік және конструктивистік деп бөлуге болады.

Неғұрлым кең тараған реалистік түсініктеме бойынша, өткенде орын алғанның барлығы өзгеріссіз және дереккөздерде қамтылған.

Сондықтан да, оқиғалар тарихшы үшін «шикізат» болып табылады. Зерттеушінің жұмысы өткен оқиғаларға қатысты материалды ұсынудың дұрыстығына байланысты бағаланады.

Конструктивтік түсіндіруді қолдайтындар оқиғалардың зерттеушіден тәуелсіз бола алмайтындығын айтады. Дереккөздермен жұмыс жасайтын тарихшы болған жағдай туралы қорытынды жасайды, оқиғаның зияткерлік құрылысын жасайды. Осылайша, оқиға белгілі бір дәрежеде тарихшының туындысы ретінде қарастырылуы мүмкін. Зерттеуші алдында айқын, ашық тұрған нәрсені сипаттамайды. Бірақ ол өткен жайттың жеке фактілерін топтастыруға мүмкіндік беретін оқиғаны «құрастырады». Солай тарихшы дереккөздердің куәлігіне мағына береді.

XX ғасырдың ортасында өмір сүрген американдық философ Луи Минк адамдардың өткен оқиғалардың барлық шынайы кейпін әшкерелейтін қандай да бір «айтылмаған оқиға» бар екендігі туралы жазды. Тарихшылардан оның фрагменттерін ашып, оқиғалардың шынайы жүзін жаңғыртуы күтіледі. Алайда, бұл сезім алдамшы, өйткені айтылмаған әңгіме болмайды, себебі, тарихтың өзі бір әңгіме. Бұрынғы оқиғалар тарихшыға тікелей қолжетімді емес. Олар туралы тарихшы әр түрлі дереккөздерден біледі.. Жаңартылған оқиғаның сыртқы түрі мен құрылымы оның шынайы сипатына емес, бұл оқиға енгізілген тарихи- әдеби тұрғыға тәуелді. Оқиғалардың «ауқымы» тарихшының көзқарасы мен ол жұмыс істейтін жанрға байланысты.

XIX - XX ғасыр тарихшыларының пайымдауларында «оқиға» түсінігі көбінесе «факт» ұғымымен үйлеседі. Жалпы алғанда, егер оқиға орын алған затты есте сақтау болса, онда факті оқиға туралы мәлімдеме ретінде қарастыруға болады. «Факт» (лат. factum — орындалған) ұғымының екі мағынасын ажыратуға болады: біріншісі орындалған затты көрсетеді; ал екіншісі – шындықты ,болған оқиғажайлы дәлелдің шынайылығын көрсетеді.

XIX - XX ғасырларда Батыстың интеллектуалды мәдениетінде кәсіби тарих өткенге қатысты басқа да баяндаулардан фактілерге негізделгендігімен ерекшеленеді деген көзқарас қалыптасты.

XIX ғасырда позитивисттік тарихнамада фактілерге ерекше табынушылық қалыптасты. Зерттеуші дереккөздердегі фактілерді табу, сенімсіз заттардың бәрін фактілерден сын арқылы ажырату керек болды. Фактісіз тарих өзінің негізін жоғалтады. Фактілер тарихқа объективті, дәлелді, ғылыми тәртіптің



Кітап: Тарих ғылымының тарихы

Дәріс: Тарих қалай жазылады?

мәртебесін береді. Өз кезегінде, тарихшының іс-әрекетінсіз факт өз мағынасын жоғалтады.

Дәлелді факт түсінігі XIX ғасырдағы кәсіби тарихи ғылымның міндетіне айналды. Неміс тарихшысы Леопольд фон Ранке үшін фактілерді қатаң ұстану «жоғары заң» болды. Кішігірім тарихи факт тіпті ең керемет көркем оқиғадан да тартымды болды.

Көптеген зерттеушілер үшін тарихи факт бейне білімнің кірпіші, физикадағы атом сияқты болды. Дайын фактілер тарихшының оларды жинағанын «күтті». Олар «өз өздерін куәландырады», тарихшы сөзімен тарихтың өзі сөйлеген болатын.

XX ғасырда тарихи факт тұжырымдамасы соншалықты айқын және түсінікті болуды тоқтатты. Италияндық философ Бенедетто Крестің пікірі бойынша, фактілер тарихшылардың мақсаттарына сәйкес қалыптастырылып, тұжырымдалады. Факт өздігінен болмайды. Факт тарихшылардың ақыл-ойы мен қиялынан туындайды. Осылайша, факт бастапқы нүкте емес, тарихшы жұмысының нәтижесі. Бұл жағдай фактінің түсіндіруден бөлек болуы мүмкін деген кең таралған ойды күмәнға қалдырды.

«Жребий брошен!»



Войско Цезаря переправляется
Через Рубикон. (49 г. до н. э.) MyShared

Б.з.б. 49 жылы Цезарьдің Рубиконды кесіп өтуі жеке факт ретінде қарастырыла алады, бірақ ол сондай-ақ көптеген шағын фактілерге бөлінеді.

Факт тарихшының әрдайым «маңыздыны» сараптау нәтижесінде пайда болған жалпылама зат. Факт құрылуына тарихшы ақпаратты іріктеуге, оларды топтауға, дәлелдерді бір-біріне сәйкестендіруге қолданатын тарихи әдістер әсер етеді. Сонымен қатар, мәтінде фактінің келбетіне тарихшыны қоятын сұрақтар, оның мәдениетінің құндылықтары, оның этикалық және эстетикалық талғамы әсер етеді.

Ұсынылған ресурстардың тізімі:

1. Барг, М. А. Эпохи и идеи : Становление историзма / М. А. Барг. — М., 1987.
2. Барг, М. А. Категории и методы исторической науки / М. А. Барг. — М., 1984.
3. Бессмертный Ю. А. Метод // Человек в мире чувств : Очерки по истории частной жизни в Европе и некоторых странах Азии до начала нового времени / под ред. Ю. Л. Бессмертного. М., 2000. С. 23.
4. Биск, И. История исторической мысли в новое время / И. Биск. — Иваново, 1983.
5. Блок М. Апология истории. М., 1983
6. Бычков, С. П. Введение в отечественную историографию XX в. / С. П. Бычков, В. П. Корзун. — Омск, 2001.
7. Гутнова, Е. В. Историография истории средних веков / Е. В. Гутнова. — М., 1985.
8. Историография истории нового времени стран Европы и Америки / под ред. И. П. Дементьева. — М., 1990.
9. Историография истории нового и новейшего времени стран Европы и Америки / под ред. И. П. Дементьева, А. И. Патрушева. — М., 2000.
10. Историческая наука и историческое сознание / под ред. Б. Г. Могильницкого. — Томск, 2000.
11. Ковальченко, И. Д. Методы исторического исследования / И. Д. Ковальченко. — М., 1987.
12. Коллингвуд, Р. Дж. Идея истории ; Автобиография / Р. Дж. Коллингвуд. — М., 1980.
13. Косминский, Е. А. Историография средних веков : V в. — середина XIX в. / Е. А. Косминский. — М., 1963.
14. Кроче, Б. Теория и история историографии / Б. Кроче. — М., 1998.
15. Lovejoy A. O. The Great Chain of Being : A Study of the History of an Idea. Cambridge (Mass.), 1936.
16. Могильницкий, Б. Г. История исторической мысли XX в. Вып. I—II / Б. Г. Могильницкий. — Томск, 2001—2003.
17. Насонов, А. Н. История русского летописания XI — начала XVIII в. / А. Н. Насонов. — М., 1969.
18. Немировский, А. И. У истоков исторической мысли / А. И. Немировский. — Воронеж, 1979.
19. Портреты историков : Время и судьбы. В 2 т. / под ред. Г. Н. Севостьянова, Л. Т. Мильской. — М.,



Кітап: Тарих ғылымының тарихы

Дәріс: Тарих қалай жазылады?

-
- 2000.
20. Про, А. Двенадцать уроков по истории / А. Про. — М., 2000.
 21. Румянцева, М. Ф. Теория истории / М. Ф. Румянцева. — М., 2002.
 22. Савельева, И. М. История и время : В поисках утраченного / И. М. Савельева, А. В. Полетаев. — М., 1997.
 23. Тош, Дж. Стремление к истине : Как овладеть мастерством историка / Дж. Тош. — М., 2000.
 24. Шапиро, А. Л. Историография с древнейших времен по XVIII в. / А. Л. Шапиро. — Л., 1982.
 25. Хейзинг Й. Homo ludens : В тени завтрашнего дня. М., 1992.
 26. Февр Л. Бои за историю. М., 1991.